

МРНТИ 811.512.122:39

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss2pp174-188](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp174-188)

Э.М. Самекбаева<sup>1</sup>, А.О. Токсамбаева<sup>1</sup>, К.К. Муканова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Семей, 070000, Қазақстан Республикасы

## Н. АЙТҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТАБИҒАТҚА ҚАТЫСТЫ КОНЦЕПТІЛЕР

*Бұл мақалада қазақтың көрнекті ақыны Несіпбек Айтұлының шығармашылығындағы «Табиғат» концептілері қарастырылады. Ақын өлеңдеріндегі жанды сөз образдары жан-жақты қарастырылып, ақынның шебер тіл кестесіне талдау жасалады. Автор өлеңдеріндегі «Табиғат» концептілерінің лексикалық-семантикалық топтарынан мысалдар келтіріліп, оларға қазақ танымы тұрғысынан талдау жасалады. Автордың поэтикалық мәтіндеріндегі көркемдік бейнелеу құралдарымен қатар, мақалада ақындық шығармашылық шығармашылықтың ерекше үлгісі ретінде қарастырылады. Несіпбек Айтұлы шығармашылығындағы «Табиғат» концептілерінің белгілі бір контексте бейнеленуі, олардың эстетикалық сипаты, поэтикалық шығармашылық бітімі автор мен оқырманның өзара біте қайнасуы негізінде беріледі. Мақалада Несіпбек Айтұлының поэтикалық мәтіндеріндегі тілдің бейнелі және экспрессивті құралдарына негізделген теңеу, эпитет, метафораларға талдау жасалады. Сондай-ақ, мақалада «Табиғат» концептілерінің құрылымы мен оның адам әлемінің бейнесін құрудағы рөлі қысқаша сипатталады. "Табиғат" концептілері қарастырылып отырған поэтикалық мәтінде жыл мезгілдері, табиғат бояулары, табиғат дыбыстары, күн, аспан, құстар, жел, жаңбыр, қар және т.б. бірліктерді қамтиды. Мақалада нақты әлеммен қатар, табиғаттың сұлулығы бар әлемнің тұтас бейнесі туралы айтылады.*

*Кілт сөздер: концепт, концептуалды талдау, теңеу, метафора, поэтика, дүниенің концептуалды бейнесі, лингвомәдени концептілер.*

## НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

XXI ғасырдың басында тіл ғылымында концептуалды зерттеулер басым бағыттарға айналды. Заманауи ғылымның маңызды мәселелерінің бірі адам тұлғасы және оның әлемдегі орны алдыңғы қатарға шықты. Өйткені ғаламды құрушы шығармашылық сана идеясы болса, адам өзін қоршаған әлем бөлігінің бірі ретінде түсінеді. Осы көзқарас бойынша шындықтың әртүрлі объектілерін түсінуде, табиғат пен оның бір бөлшегі адаммен өзара байланысты қарастыратын антропоцентристік тәсіл ең маңызды тәсілдердің бірі болып табылады. Заманауи ғылыми ойдың антропоэктілік көзқарастары адам өмірі мен оның психикалық әрекетін жан-жақты зерттеуден тұрады. Әлемнің тілде тіркелген біртұтас бейнесінің адам санасында көріну мәселесі когнитивтік лингвистиканың маңызды мәселелердің біріне жатады. Әлемнің тілдік бейнесі көрсетілген тілдік ортаның санасында күнделікті тарихи тұрғыда қалыптасқан және тілде берілген әлем туралы ұғымның жиынтығы, шындықты концептуалдаудың тәсіліне жатады.

Концепт – ғаламның тілдік бейнесінде көрініс табатын тілдік құбылыс. Ғаламның тілдік бейнесіне қатысты зерттеулер Ресей ғалымдары Ю.Д. Апресян, Б.А. Серебренникова, Ю.С. Степанова, Т.В.Бульгина, А.Д. Шмелева, Анна Зализняк, С.Г. Воркачева, Ю.Н. Караулова, В.А. Маслова және т.б. еңбектерінде кездеседі. Ғалам бейнесін, ғаламның тілдік бейнесін XXI ғасыр басында талдаған қазақ ғалымдары қатарына Э. Оразалиева, Ш.К. Жарқынбекова, А. Ислам, Г.Н. Смағұлова, Р. Авакова, Г. Сағидолда, Б. Тілеубердиев, Г. Мұратова, А.А. Сұлтангубиева, А.Қ. Сейілхан, М.Т. Күштаева, Б. Нұрдаулетова, Б. Ақбердиева т.б. тілші-мамандарды жатқызуға болады.

Көрнекті ғалым Э.Д. Сүлейменова тілдік таңбалардың мағыналық, мазмұндық жақтары негізінде әлем бейнесін тану жақтарын көрсетсе, Н.Ж. Жарқынбекова адамзаттың

этноментальды дүниесін, оның тілі арқылы берілуін қарастырады. Қ. Жаманбаева гештальт түрінде берілген концептуалды құрылымдарды зерделейді. Ал ғалым Г. Гиздатов когнитивтік модель типологиясын, М. Күштаева белгілі лексемамен концептілердің берілу сипатын, Г. Снасапова «Ұлпан» романындағы ұлттық-мәдени концептілерді, С. Жапақов эпикалық тұрақты тіркестердің когнитивтік жақтарын, Н. Айтова түр-түс атауларының когнитивтік мағыналарын, А. Сыбанбаева концептуалдық метафоралардың танымдық ерекшеліктерін, Ж. Саткенова көркем шығармадағы кейіпкер тілінің когнитивтік мәндеріне зерттеулер жүргізіп, мазмұндық жақтарын айқындаған болатын.

Мәдениет пен өркениеттің әр алуан кезеңдері кез келген ақиқат дүниеге логика-позитивтік тұрғыдан ғана келмей, сонымен қоса, оны эстетикалық түрде де тани алады және танытады. Осы негізде ақиқат дүниенің таным-түсінігін, әрқилы ұғымдарын санада әбден қалыптасқан бейнелі қолданыстар мен сипаттау жағдайы ұшырасады.

Жоғарыда анықталғандай, жеке лексема, тұрақты тіркестерді, поэзиялық мәтіндерді когнитивтік сипатта қарастырған ғылыми жұмыстар баршылық. Бірақ қазақ поэтикалық мәтініндегі концептілердің көрінісін, оның ішінде табиғатқа қатысты автордың ойлау инфрақұрылымын айқындау мәселелері өте сирек кездеседі.

## КІРІСПЕ

Көркем әдебиетте табиғат тақырыбы адамның болмысымен тығыз астасып жатады, оның бейнесі өзіне тән туған жердің халықтық ерекшеліктерімен, дәстүрлерімен және мәдениетімен сипатталады. Табиғатты ақындар мен прозашылар өзінің шығармаларында алуан түрлі көріністе суреттеп, сөз зергерлері бірде өздерінің туған жерге деген сүйіспеншілігін жырласа, енді бірде қоршаған дүниенің сұлулығына тамсана отырып, еліміздің көрікті жерлерін жаңаша дәріптейді. Көркем сөз суреткерлері өз шығармаларында жыл мезгілдерімен қоса, өздерінің туған жерге деген шексіз патриоттық сезімдерін суреттеген.

Табиғаттың сұлулығын, әсемдігін дәріптеп жырлаған ақындарға сан жетпейді. Табиғат оларды әдемі пейзаждарымен шабыттандырды. Табиғаттың көркемдігін өз өлең-шумақтарында жырлаған ақындардың қатарында Абай Құнанбайұлы («Жаз», «Күз», «Қыс», «Жазғытұры»), Ыбырай Алтынсарин («Өзен»), Сұлтанмахмұт Торайғыров («Шілде»), Ілияс Жансүгіров («Жазғы таң», «Күз», «Қыс»), Сәкен Сейфуллин («Көкшетау»), Мағжан Жұмабаев («Жазғы жолда», «Қысқы жолда»), Ғали Орманов («Қора»), Қасым Аманжолов («Дауыл»), Мұқағали Мақатаев («Түнгі табиғат»), Қадыр Мырзалиев («Табиғат тазалығы», «Орман»), Фариза Оңғарсынова («Табиғат дала», «Қырдағы қыс»), Тұманбай Молдағалиев («Көктем таңы») тәрізді ақындарды атауға болады.

Туған жерді, оның табиғатын жырлау күллі ақынның перзенттік парызы болғандықтан, кез келген ақынның бұл тақырыпқа қалам тартпауы мүмкін емес. Несіпбек Айтұлын қазақ поэзиясының табиғат лирикасында өзіндік дербестігін танытқан ақын деуге болады.

Біздің мақсатымыз «табиғат» концептісінің материалы негізінде Несіпбек Айтұлы поэзиясының тілдік бейнелеу жүйесінің ерекшеліктерін ашу, ақынның тілдік санасындағы әлем бейнесін концептуалдаудың бір үзгі ретіндегі табиғат концептісін бейнелеудің тілдік құралдарын анықтау.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Белгілі болғандай, когнитивтік тәсіл (Н.Н. Болдырев, Е. С. Кубрякова, Ю. С. Степанов, В.З. Демьянков, А.П. Бабушкин және т.б.) ғалымдардың зерделеуінше, тілдік бірліктер негізінде тіл және объективті шындық байланыстың деректерін қабылдау процестерінде көрінеді. Біздің зерттеуімізде бұл байланыстар табиғаттың адам өмірінің ең маңызды құрамдас бөлігі ретінде бір жағынан қабылдау процестерінде көрінсе, ал екінші жағынан, «табиғат»

концептісінің бейнеленуі мен қызмет ету ерекшеліктері тілдік бейнелеу жүйесінде көрініс табады.

Тілдің антропоэектілігі тілді тұтынушы тілдік тұлғаның теориясы мен практикасы және мәдени білімдер негізінде көрініс табады. Әрбір адам кез келген тілді тұтынушы ұлттық тілдің субъектісі ретінде ұлттық мәдениеттің де тұтынушысы, жасаушысы, иесі болмақ.

Мақалада зерттеу материалы ретінде Несіпбек Айтұлының табиғат лирикасына қатысты өлеңдері алынды. Оның ішінде ақынның «Көктем», «Ақша бұлттар», «Жазғытұры», «Көктем келді тағы да дала гүлдеп», «Жабырқасаң орман жаққа жалғыз бар», «Таудағы түнгі сурет», «Секітас», «Бұлттар көшіп барады», «Жан дүнием булығып тұр», «Қырқаға шықсам көлденең», «Біздің таулар», «Мамырға тілек», «Біздің ауыл», «Ақ қырау – аппақ көбелек», «Түнгі тыныштық», «Соңғы жапырақ», «Сағындырған көктем», «Таңғы шықтың тағдыры», «Тәтті бұлақ», «Таң алдында» т.б. өлеңдеріне талдау жасау барысында концептуалды талдауға сүйендік.

Ю.С.Степановтың пікірінше, концептіні «адам санасындағы мәдениеттің шоғыры; мәдениеттің адамның ақыл-ой әлеміне енуі... сол арқылы адамның өзі мәдениетке енетінін, ал кейбір жағдайларда сөзбен бірге жүретін идеялардың, түсініктердің, білімдердің, ассоциациялардың «шоғырының» оған әсер етуі» жатады [1, 43].

Орыс тіл білімінде алғашқылардың бірі болып концептілерді немесе «жалпы ұғымдарды» зерттеген С.А. Аскольдов оларды «сана актінің мазмұны» деп атайды [2, 4]).

Когнитивтік лингвистика шеңберінде концепт «есте сақтаудың, психикалық лексиканың, концептуалды жүйенің және ми тілінің операциялық мағыналы бірлігі... адам психикасында бейнеленген дүниенің бүкіл бейнесі ретінде түсіндіріледі» [3, 90]

Концепт қазіргі лингвистикадағы негізгі ұғымдардың бірі. А.Әмірбекова: «Сөздің сөздіктегі мағынасы концепт тудыра алады ма, жоқ па, ол контекстен немесе жалпы жағдаятынан байқалады. Концепт тудыратын сөздер жеке тұлғаның ой-өрісін айқындай алатын болуы керек. Көркем мәтіндегі концептіні айқындау үшін концептуалдық талдау жүргізу керек. Ол үшін, біріншіден, мәтіндегі тірек сөздердің (көп қайталанатын сөздер) тізбегін қалыптастыру керек. Екіншіден, олардың концептілік кеңістікті бейнелеу дәрежесін анықтау керек (бейне, символ, метафора, аллегория). Үшіншіден, осы кеңістіктің базалық концептілерін анықтау керек», - дейді [4].

Концептуалдық талдау арқылы Несіпбек Айтұлы өлеңдеріндегі табиғат концептілерінің ақпараттық, мәдени, бейнелі маңыздылығын айқындау және оның концептологиялық жүйедегі (концептілік орта) бейнеленуін, яғни концептінің ментальді өрісін құрайтын компоненттердің суреттелуін анықтау.

Жұмыста кешенді әдістеме қолданылды. Жиынтық әдістер мен зерттеу әдістері әлемнің тілдік бейнесін және жеке авторлық әлем бейнесін анықтауға, сондай-ақ оның жанды сөз образдарын құру жолдарын ескеруге мүмкіндік берді. Зерттеу барысында лингвистиканың дәстүрлі әдістері сипаттамалық (иллюстративті материалды таңдау, бақылау, топтастыру, көркем мәтінге түсінік беру, жинақтау), контекстік талдау әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық базасына сәйкес, концептуалдауға мүмкіндік беретін концептілерді талдауға бағытталған когнитивті лингвистиканың әртүрлі әдістері толығымен жүзеге асырылады.

## НӘТИЖЕЛЕР

«Табиғат» концептісі қазақ мәдениетіндегі негізгі ұғымдардың бірі, өйткені табиғат қазақ өмірінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл адамның табиғи тіршілік ету ортасы, ол қоршаған әлем туралы әртүрлі ақпарат береді. Материалдық жағынан басқа, табиғат адамдардың рухани өмірінің маңызды бөлігі – мәдени мұра, халықтың менталитеті. Алайда, табиғаттың кез келген адам өміріндегі орасан зор маңыздылығына қарамастан, лингвистикада бұл концепт әлі толық зерттелмеген.

Заманауи тіл біліміндегі лингвомәдени концептілерді зерттеу мәселесі ең өзекті мәселелердің бірі, оны ғалымдардың көптеген еңбектері дәлелдейді [Аскольдов-Алексеев, 1997; Воркачев, 1997, 2003, 2004; Карасик, 2001, 2002; Колесов, 2004; Есткин, 2001, 2004; Маслова, 2001; Котяева, 2012 және т.б.].

Зерттеуге негіз болған материалдар Несіпбек Айтұлының әртүрлі жылдардағы өлеңдері болды. Оларда «табиғат» концептілері әртүрлі деңгейде тілдік, концептуалдық, бейнелілік, аксиологиялық, ментальдық деңгейде көрініс табады. Ғалымдардың пікірінше, «концептінің аса маңызды үш өлшемдері бар – бейнелілік, ұғымдық және құндылықтық» [5, 75б.] және біз «табиғатты» құраушы концептілерінің барлығын Несіпбек Айтұлының өлеңдерінің материалдары негізінде қарастырамыз.

Несіпбек Айтұлы өлеңдеріндегі табиғатқа қатысты концептілердің жинақталуы қазақ елін қоршаған табиғат жаратылысынан, басқа халықтық лингвомәдени концептілік жүйеде қоршаған табиғат көрінісінен, халықтық өмір сүру көрінісінен, күнделікті тұтынатын заттарынан, тұрмыс-тіршілігінен, мал бағып, көшіп-қону т.б. сипатты тіршілік әрекетінен мағлұмат берілді. Тілдік талдау арқылы біріншіден, қоршаған ортаны, тілдік оралымдарды, құралдарды, сөздік қор қалыптастырудағы маңызын атасақ; екіншіден, жеке тілдік тұлғалардың нақты шындықты қабылдаудағы субъективті айырмашылығы тілтанымдық модельдердің материалдық негізін анықтау арқылы сараланды. Тіл мен таным негіздерін жеке тұлғаның ішкі әлемі, айналаны қабылдау өзгешелігі тұрғысынан сипаттауға, сонымен қоса, ақындар мен жазушылардың шығармаларын талдау басты назарда болғандықтан, ғылыми тұжырымдар жеке ақындар мен тіл мамандарының танымдық әрекеттерін сабақтастыра дәлелдеуге негізделді.

Көркем шығармадағы тілдік тұлғаның лексикалық құрамы, грамматикалық деңгейі, синтаксистік кеңістігі, көркемдік әлеуеті терең зерттеуге түскенімен, антропозектік, когнитивтік, лингвомәдениеттану бағыттарына да назар аудару, теориялық, практикалық тұрғыда маңызды әрі өзекті мәселенің бірі екені айқын.

Несіпбек Айтұлының шығармашылық келбеті жайлы ақын Дүкен Мәсімханұлы: «Әдебиетте стиль деген ұғым бар. Ол – қарапайым сөзбен айтқанда, қаламгердің сөзінде болатын ен-таңба. Бірақ сөздегі «ен-таңба» қалам ұстағанның бәріне бұйыра беретін бақыт емес. Бұл тұрғыдан келгенде, Несіпбек Айтұлының қазақ сөз өнеріндегі үні, беті, тынысы, шабысы баяғыда қалыптасқан ақын. Айтұлының күллі шығармаларын зерделеп оқыған адамға оның білімі мен білігі, ақындық қылаусыз таланты, мінсіз сұлу поэзиясы, азаматтық кесек тұлғасы, терең ойшылдығы мен суреткерлігі бірден аңғарылады» - деп баға берген.

## ТАЛҚЫЛАУ

«Табиғат» концептісі этностың мәдениетімен және менталитетімен тығыз байланыста болып, әлем туралы білім жүйесінде маңызды орын алатын күрделі ұғым. Бұл концепт белгілі бір тілде сөйлеушілердің әлеуметтік жағдайына қарамастан олардың санасында орын алады.

Кез келген концептінің әмбебап компоненттерін сөздік мақалаларды талдау арқылы анықтауға болады. Орыс тілінің түсіндірме сөздіктерімен ұсынылған «табиғат» тірек сөзінің анықтамалары (концепті атауы) біршама ерекшеленеді, бірақ зерттелетін жалпы мәдени концептінің негізгі компоненттерін бөліп көрсетуге көмектеседі.

Концептіні лингвомәдени бағытта зерттеген қазақ ғалымы З.Ахметжанова тілдің ділдік қорына жататын барлық концептілердің жиынтығын концептуалды жүйе деп атайды. Ал концептуалдық жүйені концептілі қосалқы жүйелер қалыптастыратынын айта отырып, мысалдармен дәлелдейді. Олар: аспан әлемі концептілері (күн, жұлдыз, ай, аспан, комета, планета т.б.), ландшафтылы концептілер (жер, теңіз, өзен, шабындық, орман т.б.), антропоконцептілер (әмір, ел билеуші, бодан, жауынгер т.б.), әлеуметтік концептілер (саяси концептілер, идеологиялық концептілер, тұлғааралық концептілер) [6, 9 б.].

Олай болса, концепт – рухани құндылықтарға, этномәдени құрылымдарға бағытталған білік-танымның бірліктері, белгілі бір лингвомәдени кеңістік өкілдерінің ұлттық діліне тән

белгілерді жаңғырту тәсілі. Ұлттық санадағы тірек ұғымдар концепт тақырыбына негіз болады және олардың қолданылу жиілігі жоғары болады. Концептілер халықтың ұлттық сипаты мен сөйлеу дағдысына негіз болатын құндылықтар жүйесін қалыптастырады.

Несіпбек Айтұлының шығармаларындағы «табиғат» концептісін қарастырғанда келесі лексика-семантикалық топтарды ажыратуға болады:

Жер бетінің ерекшеліктері (зат есімдермен ұсынылған): жаға, топырақ, толқын, шағала, көлеңке, шаң-тозаң, саз, жыра, жота-жоң, жол, белес, қырат, жағалау, сай, қыр, тас, құм, шалғын, жер, жазық, балшық, жартас, ығы-жығы, қым-қиғаш, сая, құз-қия, жар және т. б.;

Атмосфералық құбылыстар (зат есімдермен ұсынылған): жаңбыр, боран, нөсер, бұршақ, толқын, жел және т.б.;

Аспан кеңістігі және аспан шамдары (зат есімдермен ұсынылған): аспан, күн, ай, жұлдыздар, ай, бұлт, көк, кемпірқосақ, найзағай және т. б.;

Су кеңістігі (зат есімдер арқылы көрсетіледі): көл, бұлақ, өзен, су, батпақ, тоған, теңіз, мұхит, сел-дария, жауын, Ертіс және т.б.;

Өсімдіктер әлемі (зат есімдермен ұсынылған): жалбыз, орман, ағаш, гүл, тал-қайың, терек, шөп, тоғай, жапырақ, өсімдік, емен, шыбық, қабық, өрмек торы, бұталар, діңгек, бақ, жидек, қалампыр, қарағай, тал, үйрек, шырша, мүк, жеміс, сексеуіл, қайың, үйеңкі, жүзім, бұтақ, құрақ, алма ағашы, миуа, бәйтерек, қамыс, қарағай, жусан т. б.;

Гүлдер: гүл, жауқазын, қызғалдақ, шұғынық, қар бүршігі, қасқырдың басы, лалагүлдер, алқаптың лала гүлдері;

Жидектер мен саңырауқұлақтар: мүкжидек, саңырауқұлақтар, жидектер, көкжидек, сүйек және т. б.;

Жануарлар әлемі: жануарлар, түлкі, жылқы, теке, құлан, қабылан, бота, қонжық, аю, тай, бозінген, қозы, лақ, арыстан, ешкі, ит, қой, жануарлар, қасқыр, жолбарыс, борсық, қоян, арқар, доңыз, айдаһар, ақбөкен, көртышқан, мысық, суыр, саршұнақ, есек, маймыл, елік, тоқты, бұқа және т. б.;

Құстар: құстар, үйрек, байғыз, аққу, жапалақ, жарқанат, бүркіт, қаршыға, шағала, бозторғай, бұлбұл, қырғауыл, көгершін, қаз, қарлығаш, торғай, тотықұс, көкек, сауысқан, ұлар, құрқылтай, қарақұйрық, кекілік, қызғыш құс, тауық, құралай, тырналар, қарға т.б.

Жәндіктер: көбелектер, құмырсқа, шыбындар, шіркей, жәндік, өрмекші, бит, кене, қоңыз, аралар және т. б.

Н.Айтұлы өлеңдеріндегі «табиғат» концептілерінің негізгі өзегін су, жер, атмосфера, өсімдіктер құрайды. Ядролық аймаққа табиғат жағдайлары, ауа райы жағдайлары, аспан денелері, адамдар жатады. Ал перифериялық аймаққа (ядролық емес элементтер) табиғат, жануарлар әлемі, от ұсынылған. Концептілердің ең жиі кездесетін түрлеріне жаңбыр, боран, жел, найзағай және т. б. және ландшафт (жағалау, тау, орман, орман, өзен және т.б.) жатады.

Автор адамзат баласына қатысты бейнелеулердің бәрін табиғат құбылыстарына байланыстырып жырлайды. Күн, ай, жұлдыздар, жел, су, толқын, жапырақ, тау, тұман, жыл мезгілдері және т.б. – сансыз суреттер, құбылыстар адам жанына, келбетіне үйлестіріле суреттеледі.

Адам биоәлеуметтік тіршілік иесі ретінде де әлемнің бір бөлігі, табиғаттың ажырамас бөлігі. «Ғалам» және «әлем» лексемалары осы контексте түйінді сөздің синонимі ретінде әрекет ете алады [7].

Бізді қоршаған орта, кеңістік мәселесі, әдетте, көптеген лингвистердің ғылыми қызығушылығының нысанына айналды. Оны зерттеу, яғни, кеңістікті вербализациялау құралдарын талдау және сипаттау тіл білімінің, филологияның және философияның үнемі қарастыратын тақырыптарының бірі [8, 5 б.].

Бүгінгі таңда бұл құбылысты анықтаудың бірыңғай анықтамалық моделі жоқ. Ол этнос әлемінің тілдік бейнесі ретінде түсіндіріледі (Дмитриева Ю.Л., Бакуменко О.Н., Болдырев Н.Н., Turner James Milton және т.б.). Батыста, шығыста, Ресей ғалымдары тарапынан осындай зерттеу еңбектері жүргізілді [9, 10, 11, 12].

Кейінгі жылдары ақын-жазушы шығармаларындағы ұлттық-мәдени концептілерді зерттеу қолға алына бастады. Олардың қатарына А.Смайловтың «Әйел» концептісін қалыптастыратын тұрақты тіркестердің лингвомәдени сипаты», А.Әмірбекованың «Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша)», Ж.Қошанованың «Қазақ тіліндегі «байлық-кедейлік» концептісі: танымдық сипаты мен қызметі», Ж.Жампейісованың «Ақ-қара» концепті: оппозициясы мен қызметі», М.Күштаеваның «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны», М.Әбдірахманованың «Көз» концепті лингвомәдени және танымдық парадигмасы», А.Байғұтованың «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты», Ә.Ә.Бияздықованың «Қазақ тіліндегі «бақыт» концептісінің танымдық сипаты мен қызметі», С.Айтқазының «Түр-түс» концептілерінің лингвомәдени табиғаты (қазақ, ағылшын, қытай материалдары негізінде)», т.б. диссертациялық еңбектері жазылған.

Көркем шығармадағы концептілерді зерттеу, олардың әртүрлі тілдік құралдар арқылы бейнеленіп, көркемдік тұтастықта өзара әрекеттесуі тек автордың ғана емес, кейде бүкіл дәуірдің дүниетанымын, тіпті бүкіл халықтың менталитетін түсінуге көмектеседі.

Концептілерді зерттеуге Н.Н.Болдырев та көп көңіл бөледі. Оның пайымдауынша, танымдық іс-әрекеттің нәтижесінде адамда ұғымдар қалыптасады, содан кейін олар әлем туралы білім жүйесіне біріктіріледі. Бұл жүйе күрделілік деңгейі әртүрлі концептілерден тұрады. Таным формаларының алуан түрлілігі адам санасында концептілерді қалыптастырудың әртүрлі жолдарын анықтайды. Ғалым концептілерді қалыптастырудың келесі жолдарын анықтайды: сезімдік тәжірибе негізінде адамның объективті және практикалық әрекеті, ақыл-ой әрекеті, вербалды және вербалды емес қарым-қатынас негізінде [13, 23].

Дүние туралы түсініктің санада қалыптасуы үш деңгейлі психикалық әрекеттердің өзара қатынастарынан туындаған нәтижесіне байланысты: біріншісі – сезімдік қабылдау (көру, есту, терімен сезу, иіскеп сезу, дәмін сезу, т.б.) деңгейі; екіншісі – түсініктің қалыптасу деңгейі (қарапайым стереотиптер, ассоциациялар, эталондық таңбалар, жеке ситуациялар, қарапайым бейне, санадағы ойсуреттер, абстракция); үшіншісі – ойдың тілдік деңгейі. Санада қалыптасатын бұл операциялар бір дүние туралы ақпараттар жиынтығын тудырады. Осы жиынтық концепт жүйесін құрайды.

Бейне – көркем шығармада когнитивтік модель қалыптастырушы таңба. Көркем бейнелер әртүрлі перцептивті белгілермен көрінеді: көру бейнесі. Дүниені тануда көзбен көріп қабылдау қызметі ерекше орын алады. Поэтикалық мәтінде индивидуалды – авторлық көзқарас арқылы ойда дүниенің бейнесін, сыртқы формасын қалыптастыру жағдайлары кездеседі. Мысалы, Несіпбек ақын өзінің «Есінде ме?» атты өлеңінде

*Жаз күркесін күз келіп жығар әлі,  
Өрекупмен өзендей жыл ағады.  
Шағаласын шақырып шалғай кеткен,  
Көлдерім түр көзімде жылағалы.*

Бұл өлең жолдарындағы «Жаз күркесін күз келіп жығар әлі» дегенде «Жаз» – өмір болса, «күз» – солғын тарту, ақырында өлу, бақиға сіну бейнесімен объективтенеді. Адам да болмыстың бір бөлшегі, табиғаттың бір перзенті болғандықтан осы мәңгі айналыс заңына бағынады.

Заттық бейнелер. Бұйым, нәрсе, зат, дүние көркемдік ақиқатты танытуда маңызды қызмет атқарады. Суреткерге тән қасиет танымындағы көркемдік ақиқатты заттық болмыспен айқындауға ұмытылады. Көркем мәтінде тұрмыстық заттар, әшекей, бұйымдар, жиһаз, құрал-саймандар, ұлттық бұйымдар жиі қолданылып, жаңа мәнде көрініс табады. Мысалы, «Киіз үй» өлеңінде:

*Тауқыметтің көріп едім талайын,  
Бұл киіз үй болды менің сарайым...  
Туырлықтың сыртын қырау шалса да,  
Ызғар өтпес соқсын боран қаншама*

Балдай қымыз балбыратып денеңді,  
Алпыс екі тамырыңды бойлайды.  
Қою түннің құшағында аунаған,  
Қандай ғажап жалынды *ошақ* лаулаған.

Көңіл-күй бейнесі. Ақынның «Көкек қары» өлеңінде адамның көңілі, ішкі дүниесі – аспан болса, түрлі сезім толқыныстары осы аспанмен қалқып өтіп жатқан бұлт сияқты.

Тактильді бейнелер. Тактильді бейнелер көркемдік шындықтың бұлдыр-болмысын танытуда белсенді қолданылады. Рахат сезімге бөлену, күйзелу, қорқыныш, құмарлану, тітіркену, жиіркену секілді ұғымдарды тері арқылы қабылданаған сезімдермен бейнелейді. Тактильді бейнелер денеге сыртқы күштің жуысуынан алған әсер қалыптасады. Ақынның «Құралай ғұмыр» өлеңінен мысал:

Мына күннің алды – жаңбыр, арты – қар,  
*Тоңған жаным торғайдайын қалтырар...* [14, 134].

Дыбыстық бейнелер. Әрбір суреткердің көркемдік дүниесі соносфераны қалыптастыратын дыбыстық бейнелерге толы. Ақын әлемі соносфераға ерекше бай және мұндағы дыбыстық бейнелер жаңа бір ұғымды танытуда когнитивтік қызмет атқарады. Демек, бұл – концептіні дыбыстық бейнелер арқылы модельдеп тануға болады деген тұжырым. Мысалы, «Көк түтін боп...»,

Мен тұрмын *шулы қала ішінде*,  
Түк көрмеген, түк сезбеген пішінде [14, 118].

Бұдан өзге ақын «Сарыала қазым саңқылдап, Сайранда сазда салқындап. Қоңыр тау, Қоңыр өзен сарылдаған. Келеді алыстан сол сарын маған. Аш өзегін жарып шыққан жапан түздің төл құсы – Бозторғайдың жағы талмас таң бозынан» деп жырлаған.

Пейзаждық бейне. Несіпбек Айтұлы поэзиясының өзіндік ерекшелігі ол бояуларды сөйлете білген. Несіпбек Айтұлы қолданған түр-түстік бояулар оның өлеңдеріндегі өзіндік дара тілдік бірліктер болып табылады. Ақын поэзиясында ақ, қызыл, жасыл, көк, қара, сары, қоңыр түстерді көркемдік контексте шебер жұмсаған. Мысалы, ақ таяқ, қызыл-жасыл дүние, ақ бөкен, көк майса, жасыл шие, қара түн, көк бөрік, көк жаға, көк ту, ақ жаңбыр, көк шалғын, қара нөсер жауын, ақ боран, жасыл көл, сары күз, қызыл гүл, қоңыр жел, қоңыр мұң, боз інген, боз үй т.б.

Мистикалық бейне. Мистика (гр. *mystikos* – құпиялы) – дүниеге діни-идеалистік көзқарас. Оның негізінде табиғаттан тыс күштерге сенім жатыр. «Құмырсқаның балы» өлеңінде:

Өзгермейтін, көз көрмейтін тіршіліктің тұғырын,  
*Ажал-дию* талқандайды толтырмасаң жұмырын.

«Көне қорғаннан табылған тас босағадағы жазу» өлеңінде:

Сен ғана емес жұмбақ сырлы, жолы қиын жалғанда,  
*Диуанадай дүние кезіп*, дәтке қуат іздеген.

«Басымнан қымбат сөз құны» өлеңінде:

*...Періште* келіп қаққанша,  
*Пері* кеп соқты ноқтамен

«Зарла, қобыз» өлеңінде:

*Қорқыт* қашса өлмес өмір армандап,  
Ажал қуар *жалмауыздай жалмаңдап*.

«Әр бұтада бір көкек» өлеңінде:

*Жезтырнақтың* жолы болғыш көйлек киген гүлді етек...

Дәмдік бейне. Ащы немесе тәтті дәм арқылы қабылданаған әсер адамның қуанышы мен ренішін, өмірдегі бақытты сәттері мен қайғысын таныта алады. Мәтінде рахат сезімге бөлену, бақытты сезіну, әрекеттері жеміс-жидектің, балдың шырынымен өлшенеді. Ақынның «Теңдікке» деген өлеңінде:

*Ажалдың ащы дәмін* тұңғыш таттым,

Жазған соң маңдайға да, таңдайға да.

«Басымнан қымбат сөз құны» өлеңінде:

Өксігін жұтып мың күйдің,  
*Өтіме ащы мұң кұйдым.*

«Жүрегім менің бұлқынды» өлеңінде:

*Тәтті ғой өмір адамға,*  
Татпаған дәмнің бәрі – арман.

«Тәтті іздеген таңдайым» атты өлеңінде:

Тәтті іздеген таңдайым удай ашып,  
Өрт шалқиды өмірдің тынысында,- түрінде беріледі.

Мұндай дәмдік бейнелер мен одан туындайтын метафоралар әртүрлі сәттегі ләззат алу немесе азап шегу ұғымдарын бейнелеуде жиі қолданылады.

Адамның кейбір сәттерінің дәстүрлі көрінісі поэтикалық мәтінде «ажалдың ащы дәмі», «өтіме ащы мұң кую», «тәтті іздеген таңдайым удай ашу», «тәтті ғой өмір адамға» секілді бейнелермен модельденген.

Иіс бейне. Көркем мәтінде қалың ұшқат, шілік тал өскен тоғай жақтан ара-тұра көкек шақырып, жылқышы құс ысқырады. Танауға жаңа көктеп келе жатқан көк шалғынның, шіріген тамырдың иісі келеді. Ақынның «Бақанас – біздің балалық» өлеңінде ...

*Бұрымын иіскеп бал қыздың,*  
*Жұпарын жұттық жалбыздың.*

Көркем мәтіндегі бейненің қай түрі болмасын автордың санадан тыс ұғыну, қиялдау шеберлігін байқатады. Белгілі бір дүние туралы танымын көркем дүниемен бейнелеуге ұмтылады. Олардың әрбір бейнеленген көркемдік дүниесі тілдегі ұғымның моделденуіне ықпал етеді.

Суреткер шығармаларында концептілер *көркем образдар арқылы* суреттеледі. «Табиғат» концептілерінің образды түрде берілуінің негізінде заттар және олардың қасиеттері, әлемдегі қоршаған *табиғи орта* жағдайы туралы түсінік жатады. Ақын қазақ әдебиетіне тән дәстүрлі бейнелі парадигмаларды да қолданады. Мысалы: күздің лебі, қара орман, мөлдір күндер, алқызыл гүлдер, көкала бұлт, ақ орда, сұр дауыл, кербез бел, айлы аспан, ұлпа қар, мөлдір бұлақ, ақтүтек боран, боз талдар, көк дауыл, долы өзен, тентек өзен, көк шыбықтар, қоңыр тау, қоңыр өзен, самал жел, көк жайлау, будақ шаң, көгілдір тау, шырын өмір, ақ басты, ата таулар, кербез бел, бал құрақ т.б.

Поэзиядағы «табиғат» концептілерінің тілдік бейнелі көрінісін Несіпбек Айтұлы бейнелі парадигмалардың сан алуан түрлерімен берген (эпитет, теңеу, метафоралық).

Көркем бейнелер әртүрлі сипаттағы белгілермен көрініс табады. Метафоралар арқылы – «Суықтың сынып семсері, Саптама киген таусылды-ай (14, 74 б.); Көкірегімде гүл атады көктемім, Жүрегімнің қызғалдағы құлпырып (14, 97 б.); Жылап келсең көз жасыңды сүртеді, Аппақ бұлттар – көк аспанның сүлгісі (14, 14 б.); Сыртым – бір қоңыр бағылан, Ішім – бір кекті қабылан (14, 46б.).

Эпитеттер табиғи әлемнің сипаттамасы ретінде адамның физикалық және эмоционалдық күйлерін бейнелейді. Ақын поэзиясындағы эпитеттің негізгі қызметі образдылық және экспрессивтілік, ол қоршаған әлемді әртүрлі бейнелеу тәсілдері арқылы сипаттайды.

Мысалы:

*Гүл көктем,*  
*Қызық көктем,*  
*Жалын көктем!* (14, 146).

Немесе:

*Аңсадым мен ботакөз бұлағымды, Ауыздықсыз, алаңсыз бұла күнді* (14, 19).

Бұдан басқа *кер бесті, күпшек санды, күдері бел, алтын кірпік күн, ақ бота бұлттар, балғын жалбыздар, тұмса бұлт, ақ боран, қылдан нәзік талшықтар* тәрізді эпитеттерді кездестіруге болады. Табиғи әлемнің құбылыстарын адам әлемімен үйлестіріп, авторшебер



образ жасайды (соқыр аспан, тау мінез, қайғылы таң, асау өзен, мұң самалы, алабұртқан аспан, түнерген жартас).

Теңеудің экспрессивтілігі оның көп қырлы бейнелілігімен астасады. Ақын поэзиясында тек өзіне ғана тән теңеулік қолтанбасы көрініс табады. Мысал: *аруанадай шудаланған* (ақша бұлттар) (14, 74). Желіден босап жас құлын, *Желіне шарты ойнақтай* (14, 65). *Тел құлындай өсірген туған ауыл* (14, 32). Мен кеткенмен табиғат бермес шырай, *Мың түрленер, құлпырар алғашқыдай* (14, 100).

Ақын шығармаларында шебер кестеленген сәтті кейіптеулер жиі кездеседі. Мәселен, «Көктем» өлеңіндегі «Табиғат» концептілеріне назар аударайық:

Арудың келбетіндей айнадағы,  
Көл бетін аққу келіп аймалады.  
Қойдың-ау, о, табиғат, құлшындырып  
Тағы бір көктем қызға мен сүймеген.

«Жалындап шаттық құшамын» өлеңінде:

*Жазылып жердің арқасы, Сылқылдап бұлақ тіл қатып, Ойнайды тастан секіріп,  
Жүректі тайдай тулатып. Ағады өзен өкіріп, Жынданып тіпті кетердей.  
«Санына садақ ілдірмей» өлеңінде:*

Бал үміт – рахат табағы,  
*Таулардың қойнын ақтардым.*  
*Үзілген жұлдыз түймесін*  
Іздедім иірім түбінен.  
*Алқызыл гүлдер шақырды,*  
*Алдыма тосып шырынын.*  
*Аққуға алқа тақтым да,*  
Айдынды әнмен желпідім.

Сонымен, ақын өлеңдеріндегі кейіптеулердің негізін өсімдіктер әлемі, құстар, су кеңістігі, аспан кеңістігі және аспан шамдары, гүлдерге қатысты «табиғат» концептілері құрайды екен.

Ақын өлеңдерінде «табиғат» ұғымы көп қырлы ерекшелігімен әртүрлі мағынада кездеседі. Олардың негізгілерін қарастырайық.

1 Қоршаған орта, табиғат көрінісі. Өлең жолдарында «табиғат» концептісі кәдімгі, қарапайым пейзаждар, табиғат көрінісінің сұлулығы түрінде беріледі.

Жасыл көл, жасыл дала, жасыл көктем,  
*Табиғат жарқыраған асыл неткен?!... [15,32]*

Несіпбек Айтұлы поэзиясындағы эпитеттің негізгі қызметі образдылық және экспрессивтілік, ол қоршаған әлемді әртүрлі бейнелеу тәсілдері арқылы сипаттайды. Ондағы кездесетін эпитеттер жағымды әрі жағымсыз коннотацияға ие. Мысалы:

*Гүл көктем,*  
*Қызық көктем,*  
*Жалын көктем!* [14, 146]

Немесе:

Аңсадым мен ботакөз бұлағымды,  
*Ауыздықсыз, алаңсыз бұла күнді*[15, 19]

Бұдан басқа *кер бесті, күпшек санды, күдері бел, алтын кірпік күн, ақ бота бұлттар, балғын жалбыздар, тұмса бұлт, ақ боран, қылдан нәзік талшықтар* тәрізді эпитеттерді кездестіруге болады. Бұл функциялардан басқа, эпитет адамның әртүрлі эмоционалдық күйлері және ерекшеліктері белгілі бір сәтте әлемді қабылдауды білдіру тәсілі болуы мүмкін. Эпитеттер табиғи әлемнің сипаттамасы ретінде адамның физикалық және эмоционалдық күйлерін бейнелейді. Бір кездері табиғи әлемнің құбылыстарын адамдар әлемімен салыстыра отырып, автор одан әрі табиғат бейнелерін жасай отырып, оларға адамның физикалық және

психологиялық қасиеттерін береді (соқыр аспан, тау мінез, қайғылы таң, асау өзен, мұң самалы, алабұртқан аспан, түнерген жартаc).

2 Табиғат – ана. Табиғат аясына шыққанда, анасымен қауышқан сәбидей адамның жаны жай табады, көңілі жайланады. Табиғаттың ортасына барғанда адам өзінің сезетін, қуанатын, күлетін, жылайтын, жадырайтын, жабырқайтын ерекше болмыс екенін есіне алып, рухани серпіледі.

Жоғалар деп, *Жер-ана*, аландама,  
Сүйегімді тапсырам саған ғана [15, 236].

3 Табиғат – жаратушы иесі, ол керемет жасампаздыққа ие.

Замана ескіреді, жаңарады,  
*Табиғат жан береді, жан алады.*

4 Табиғат – алдамшы, өте жасырын нәрсе және әлі күнге дейін түсініксіз мүлдем жабық жүйе.

Шынымен бұрқап тұрған қар ма мынау?

*Табиғат тағы да бір алдадың-ау!...*

Немесе:

Құлпырғанмен кең жаһанның жамыраған гүл бағы,  
Шешілер ме түйінделген шым-шытырық жұмбағы?

Сәби ғұмыр өксігіне құлақ түрмес көк аспан  
Жұбатпаса жылағанды қара жердің құндағы [15, 241].

5 Табиғат – тағдыр сияқты нәрсе, аяушылықты білмейді, бірақ еңбегі үшін бағалайды.

6 Әлем, ғалам, жаратушы күш. Бұл мағынада өлең жолдарында табиғат көбінесе, тек адамға ғана тән сипаттамаларды, әртүрлі әрекеттерге қабілетті тірі тіршілік иесі ретінде бейнеленген.

Мейірім түсірмесе Алла ғана,

Жансақтар жер қалмады кең далада.

Кебінмен көрге түссе пенде, шіркін,

Сүйегін ит сүйретіп қор бола ма?.. [15, 333].

«Құралай -ғұмыр» өлеңінде ақын табиғатты адам кейпінде, адамға тән сезімдермен суреттейді:

*Мына күннің алды – жаңбыр, арты – қар,*

*Тоңған жаным торғайдайын қалтырар.*

*Мына түннің арты – боран, алды – қар,*

*Жыласаң да сыңайы жоқ зарды ұғар.*

Сондай-ақ, көркем бейнелер әртүрлі сипаттағы белгілермен көрініс табады: Метафоралар арқылы – «*Суықтың сынып семсері*, Саптама киген таусылды-ай [14, 74]; *Аққуға алқа тақтым* да, Айдыңды әнмен желпідім [14, 62]; *Көкірегімде гүл атады көктемім*, *Жүрегімнің қызғалдағы құлтырып* [14, 97]; Жылап келсең көз жасыңды сүртеді, *Аппақ бұлттар – көк аспанның сүлгісі* [14, 14]; *Кіндігі дүниенің кері айналып*, Озғандай таңданасың есек аттан [14, 22]; *Сыртым – бір қоңыр бағылан*, *Ішім – бір кекті қабылан* [14, 46]; *Күндер, күндер – жүрегімнің жыл құсы* [14, 14]; Тауға қарай көшті бұлт, *Тазартып аспан айнасын*. Көксау бұлттар, күрік-күрік жөтеліп [14, 14].

Жалпы, «жыл мезгілдері» лексикалық-семантикалық тобына жататын концептілерді жазушы маусымдық, темпоралды, метеорологиялық, жергілікті семантикасы бар пейзаждық бірліктерде көбірек қолданады. Бұл лексика ландшафт бірліктерінің аралас түріне, психологиялық бағыты бар пейзаждарға, атап айтқанда, көңіл-күй пейзажы, *уайым-қайғы* пейзажы, яғни, табиғат көрінісіне тән болып келеді. Автордың белгілі бір пейзажды, жыл мезгілін, табиғи құбылысын сипаттауда көңіл-күйі үлкен рөл атқарады. Мысалы; «Көктем» өлең жолдарында ақын табиғат құбылысы мен адам көңіл-күйін өзара үндестіріп, мезгілін суреттей отырып, өзінің көңіл-күйі мен эмоцияларын мүмкіндігінше жарқын және бейнелі түрде жеткізуге тырысады.

*Автор енді бір тұста адамның көңіл күйін басқаларға білдіру үшін, тап соған ұқсас табиғат құбылысын параллель етіп жұмсаған. Мысалы: Аспан жайнап тұрғанменен, қапалыға қараңғы (Қияметтің көпірі). Шамырқанған көңілде Шаңқылдайды ақ бүркіт (Мен тәңірі тұтсам да). Сұстылық байқалғандай күзгі бұлттан, Тітіреп, тіксінеді ызғырықтан. Жас еді – жасыл еді, Енді – сары, Өмір-ай! Өң-бояуын жүз құбылтқан [14, 217]. (Бұл өлең жолдарында Тітіреп, тіксінеді синонимдері эмоционалды әсерді күшейтіп тұр.)*

Н.Айтұлы поэзиясында тақырыбы мен поэтикалық ерекшелігіне байланысты концептілердің көптеген түрі кездеседі. Мысалы, бір ғана «Мамыр дала» өлеңінде дала, жусан, топырақ сынды ұлттық концептілер; жан, мұн, тағдыр сынды метафизикалық концептілер, сондай-ақ табиғат, жер сынды макроконцептілер берілген. Ал «Жазғытұры» өлеңінде тау, тал, бұлт, жер, сай, жел, қар, бел, қыс, көктем, қыр, дала, құлын, бау, дүние, тас, күз, мұз, бұлақ, бұршақ, көл, орман, көкек, шың, күн, құс, ақ боран, шырша, аяз, қырат-қыр, гүл, өзен, тобылғы, бақ, тырна концептілерімен сипатталған. «Сарыарқада сардарым» (Қабанбай батырдың рухына) атты өлеңінде ай, күн, жер, дүние, ғарыш, топырақ, дала концептілері көрініс тапқан.

«Табиғат» концептісі базалық концептілердің біріне жатады, себебі, адамзаттың табиғатпен байланысы халықтың ділін таныта алады. Адамзаттың табиғатпен байланысы турасында ғалым Ж.Манкеева: табиғат көрінісіне, жағдайына икемделу адамның бір негізгі қасиеті. Жүздеген, мыңдаған жылдар бойы жалғасатын бұл материалдық өндіріспен ғана байланысты емес, ол адамның ой-өрісіне де әсер етеді. Этнос пен табиғатты біртұтас ұғым деп қарау әсіресе, көшпенділер мәдениетін психологиясын түсіну үшін ерекше маңызды. Себебі, олар – көбінесе осы екі ұғымның нәтижелі көрінісі екендігіне үлкен баға берген.

Енді осылардың ішіндегі ұлттық концептілердің бірі «дала концептісіне» тоқталайық. Көркем мәтінде берілген мәні – жалпы адамзаттың өмір сүріп, тіршілік етер ортасы. Даланы кең көлемді әрі кең мағыналы ұғым. Осындай қасиеттермен сипатталатын объект ретінде даланы қазіргі кезде концептуалды ұғымдарға жатқызады. Н.Айтұлы өз туындыларында даланы суреттеу арқылы өзінің дүниені қабылдауын, табиғатқа деген көзқарасын, туған жерге деген махаббатын білдірген, өз шығармалары кейіпкерлерінің сезімін, ойын, арманы мен жай-күйін бейнелеген. Дала лексемасының ұлттық-мәдени құндылықтар жүйесінен орын алатын қасиетті, киелі, кең мекен деген ұғымы ақын шығармашылығында одан әріге тереңдеген.

Ақынның «Мамыр дала» өлеңінде  
*Мақпалдай желі майда мамыр далам,  
Қазақта кім бар сені сағынбаған?*

Немесе:

*Кең дала, көкжиегі тарылмаған,  
Армансыз арғымағы арындаған  
Шығыстан жібек судай ағылыпты,  
Торқаға байтақ дала малыныпты.  
«Қараймын көкшіл далаға,  
Толқимын іштей, ойланам.  
Жарқырап жауһар маңдайың,  
Далаңды шарлап жүресің.*

Табиғат деген сөздің жалпы ұғымдық концептісінен шыққан «дала» макроконцептісі жер бедері мен оның қанық бояуы арқылы ашылады. Яғни, даланың микроконцептілері ретінде «майда мамыр далам», «кең дала», «көкшіл дала», «байтақ дала» деген тіркестер арқылы көрінеді. Ақын шығармашылығынан тағы бір мысал келтірейік:

*«Қоңыр дүние.  
Төсінде қоңыр даланың  
Арқалап келем қоп-қоңыр қомын  
бабаның.  
Қоңыр төбелдеу бақытым  
болғаныменен,*

Қоңыр қыстаудың көңіндеі  
сорым да қалың».

Осы шумақтағы «қоңыр» сөздеріне қарап отырып, қоңыр сөзінің қоңырқай ғана тірлікті танытатынын байқасақ, ақынның өз сорын қыстаудың неше қатпар көңіне теңеуі жайлау мен қыстаудың жайын жақсы білетін қазақтың ұғымына жақын сөзбен бейнелеуі – қазақтың әр сөзінің орайын таба қолдану арқылы жаңа тіркес, жаңа образ жасауға болатынының мысалы.

Несіпбек Айтұлының шығармашылығына талдау жасау арқылы біз табиғатбаға жетпес құндылық әрі байлық және оны ұтымды және ұқыпты пайдалану қажет деген қорытындыға келдік. Табиғатта физикалық және рухани тұрғыдан сауықтыра алатын күш бар. Мысалы: *Табиғат көркі арбады, Сұлулық – семсер тіл кесер* [14, 54]. *Қойдың-ау, о табиғат, құлшындырып, Тағы бір көктем қызға мен сүймеген. ..Табиғат түбі, Мәңгілік Серігім бе екен деп қалам. Жасыл көл, жасыл дала, жасыл көктем, Табиғат жарқыраған асыл неткен?!*

## ҚОРЫТЫНДЫ

Материалды талдау барысында, «табиғат» концептілерінің адамның *әлем туралы білім жүйесіндегі аса* маңызды орнын және халықтың мәдениеті мен менталитетімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Шындықты түсіну мен қабылдаудың ерекше әдісін көрсететін әлемнің поэтикалық бейнесінде «табиғат» концептілері шығармашыл тілдік тұлға ретінде ақынға тән концептуалдаумен сәйкес келеді.

Концептуалдаудың базалық деңгейіне мыналар жатады: су, теңіз, жер, ағаш, гүл, адам және т.б. лексемалар. Ал бұған бағынышты деңгейдегі «табиғат» концептілеріне толқын, өзен, жел, бұлт, өріс, орман, қайың, тал, жарық, жаға, қар, жаңбыр т.б. жатқызамыз. Несіпбек Айтұлының поэтикалық тілінде бейнелі парадигмаларды жасауда жиі және өнімді қолданылатындар бағынышты деңгей бірліктері деуге болады. Ғарыш, ғалам, планеталар, шоқжұлдыздар сияқты табиғи әлем түсініктері ақын шығармаларында сирек кездеседі.

Автор «табиғат» концептілерін беруде мәнерлі және экспрессивті құралдар ретінде теңеу, эпитет, кейіптеу мен метафоралар, фразеологизмдер мен қанатты сөздерді сәтті қолданады. Концепт теориясына қатысты (Н.Н. Болдырев, Е. С. Кубрякова, Ю С Степанов, А.П. Бабушкин, Г.Смағұлова, Қ. Жаманбаева, М. Күштаева, С. Жапақов, Э.Оразалиева, И.Айбарша, А. Әмірбекова және т.б.) зерттеулерді басшылыққа алдық.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, біз Несіпбек Айтұлы поэтикасындағы «табиғат» концептілеріне қатысты бейнелі лексиканың әлемді модельдеу мүмкіндіктерін анықтадық, ақынның табиғаттың ерекше, қайталанбас әлемін жасау жүйесіндегі өзіндік ерекшеліктеріне көз жеткіздік.

Осылайша, қазақ халқының лингвомәдениетіндегі «табиғат» концептісі ұлттық танымның бір көрінісі, сондықтан да ғаламның лингвокогнитивтік моделі болып саналады. Несіпбек Айтұлы шығармаларындағы «табиғат» концептілері қазақ халқының этномәдени дәстүрлерін, автордың әлемге көзқарасын танытатын өзіндік орны бар, басты ұғымдардың бірі *болып* саналады.

## ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын «AP19680272 Абай өңірі ақын-жазушыларының тәуелсіздік дүниетанымы әлемдік ой кеңістігінде (Абай облысы бойынша ақын-жазушылар шығармаларын талдау)» жобасы аясында жазылды.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Степанов Ю.С. Константтар. Орыс мәдениетінің сөздігі. Зерттеу тәжірибесі. – Мәскеу: Орыс мәдениетінің тілдері, 1997. – 824 б.

- 2 Лихачев Д.С. Орыс тілінің концептосферасы // Изв. КСРО Ғылым академиясы. Әдеб. және тіл сер. – М., 1993. Т. 52. – 5-12 б.
- 3 Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігі / Жалпы ред. Е.С. Кубрякова. – М.: М.В. Ломоносов ат. Мәскеу мемлекеттік университетінің филол. факультеті, 1997. – 245 б.
- 4 Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша). Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Алматы, 2006, – 30 б.
- 5 Карасик В.И., Слышкин Г.Г. Лингвомәдени концепт зерттеу бірлігі ретінде // Когнитивтік лингвистиканың әдіснамалық мәселелері. – Воронеж, 2001. – 75-80 б.
- 6 Ахметжанова З. Ұлттық концепция туралы очерк. – Алматы: Елтаным, 2012. – 148 б.
- 7 Даль В.И. Ұлы орыс тілінің түсіндірме сөздігі: 4 т. – М.: Орыс тілі, 1998. Т. 3. – 555 б.
- 8 Орыс әлемі картинасы: тілдегі және мәтіндегі кеңістіктік модельдер / Р. Н. Порядина, Л. Г. Гынгазова, Ю. А. Эмер және басқалар; жауапты. ред. проф. З. И. Резанова. – Томск: UFO-Plus, 2007. – 384 б. 1998. Т. 3. – 555 б.
- 9 Дмитриева Ю.Л. Бақ бейнесін киелі кеңістіктің негізгі бейнелерінің бірі ретінде вербализациялау (С.Есенин шығармалары негізінде) // Томск мемлекеттік педагогикалық университетінің хабаршысы. 2023. 6 (230) шығарылым. – 16-22 б. Tomsk State Pedagogical University Bulletin. vol. 6 (230) 2023. pp.16–22.
- 10 Бакуменко О.Н. В.Набоковтың қос тілді дүниетанымындағы түсті белгілеулер (Лолита романының түпнұсқа және автоударма мәтіндері негізінде) // Петербург университетінің хабаршысы, 20 том. 1-шығарылым. Тіл және әдебиет. 2023.
- 11 Болдырев Н.Н. Тіл білімін зерттеу мәселелері // Тілдің концептуалды талдауы. Зерттеудің қазіргі бағыттары: ғылыми еңбектер жинағы. – М.; Калуга: «Эйдос», 2007. – 95-108 б.
- 12 Turner James Milton, Lucretius, and the “Womb of Nature”. // Milton Studies. – 2024. – №1(66). – P. 1-41. DOI10.5325/miltonstudies.66.1.0001
- 13 Болдырев Н.Н. Когнитивтік семантика: ағылшын филологиясы бойынша дәрістер курсы. – Тамбов: Г.Р.Державин атындағы ТМУ баспасы, 2000.
- 14 Айтұлы Н. Шығармалары. Жеті томдық. Өлеңдер, толғаулар, поэмалар. – Астана: Фолиант, 2014.
- 15 Айтұлы Н. Шығармалары. Бірінші том. Өлеңдер мен поэмалар. – Астана, 2011.

Материал 05.06.2024 баспаға түсті

### **Концепции, связанные с природой в поэзии Н. Айтулы**

Э.М.Самекбаева<sup>1</sup>, А.О.Токсамбаева<sup>1</sup>, К.К.Муканова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>НАО «Университет имени Шакарима города Семей», Семей, 070000, Республика Казахстан

*В данной статье рассматриваются концепты «Природа» в творчестве выдающегося казахского поэта Несипбека Айтулы. Всесторонне рассматриваются живые словесные образы в стихах поэта, анализируется умелая таблица языка поэта. Приводятся примеры лексико-семантических групп концептов «Природа» в стихотворениях автора и анализируются с позиций казахского знания. Наряду со средствами художественной репрезентации в авторских поэтических текстах в статье рассматривается поэтическое творчество как особый образец творчества. Репрезентация концептов «Природа» в определенном контексте, их эстетический характер, поэтическое творческое завершение в творчестве Несипбека Айтулы дается на основе взаимодействия автора и читателя. В статье анализируются сравнения, эпитеты, метафоры, основанные на образно-выразительных средствах языка в поэтических текстах Несипбека Айтулы. Также в статье кратко описывается структура концепта «Природа» и ее роль в создании образа мира человека. К понятиям «природа» в рассматриваемом поэтическом тексте относятся времена года, краски природы, звуки природы, солнце, небо, птицы, ветер, дождь, снег и др.*

*включает в себя единицы. В статье рассказывается о всей картине мира с красотой природы наряду с реальным миром.*

*Ключевые слова: концепт, концептуальный анализ, сравнение, метафора, поэтика, концептуальный образ мира, лингвокультурные концепты.*

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. Опыт исследования. – Москва: Языки русской культуры, 1997. – 824 с.
- 2 Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Изв. АН СССР. Сер. лит. и яз. – М., 1993. Т. 52, № 1. С. 5–12.
- 3 Краткий словарь когнитивных терминов / Подобщ. ред. Е.С. Кубряковой. – М.: Филол. факт МГУ им. М.В. Ломоносова, 1997. – 245 с.
- 4 Амирбекова А.Б. Особенности вербализации концептуальных структур в поэтическом тексте (по поэзии М. Макатаева). Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Алматы, 2006, – 30 с.
- 5 Карасик В.И., Слышкин Г.Г. Лингвокультурный концепт как единица исследования // Методологические проблемы когнитивной лингвистики. – Воронеж, 2001. – С. 75-80.
- 6 Ахметжанова З. Очерки по национальной концептологии. – Алматы: Елтаным, 2012. – 148 с.
- 7 Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка: В 4 т. – М.: Рус. яз., 1998. Т. 3. 555 с.
8. Картины русского мира: пространственные модели в языке и тексте / Р. Н. Порядина, Л. Г. Гынгазова, Ю. А. Эмер и др.; отв. ред. проф. З. И. Резанова. – Томск: UFO-Plus, 2007. – 384 с. 1998. Т. 3. – 555 с.
9. Дмитриева Ю.Л. Вербализация образа сада как одного из ключевых образов сакрального пространства (на материале произведений С. Есенина) // Вестник Томского государственного педагогического университета. 2023. Вып. 6 (230). С. 16–22. Tomsk State Pedagogical University Bulletin. 2023, vol. 6 (230) pp. 16–22.
10. Бакуменко О.Н. Цветообозначения в двуязычном мировидении В. Набокова (на материале оригинального и автопереводного текстов романа Лолита) // Вестник Санкт-Петербургского университета, том 20. Вып1. Язык и литература. 2023.
- 11 Болдырев Н.Н. Проблемы исследования языкового знания // Концептуальный анализ языка. Современные направления исследования: сборник научных трудов. – М.; Калуга: «Эйдос», 2007 С. 95-108.
- 12 Turner James Milton, Lucretius, and the “Womb of Nature”. // *Milton Studies*. – 2024. – №1(66). – P. 1-41. DOI10.5325/miltonstudies.66.1.0001
- 13 Болдырев Н.Н. Когнитивная семантика: курс лекций по английской филологии. –Тамбов: Изд- во ТГУ им. Г.Р.Державина, 2000.
- 14 Айтулы Н. Произведений. Семь томов. Стихи, мысли, стихи. – Астана: Фолиант, 2014. 15 Айтулы Н. Произведений. Первый том. Стихи и поэмы. – Астана, 2011.

Материал поступил в редакцию журнала 05.06.2024

### **Concepts related to nature in the poetry of N. Aituly**

E.Samekbaeva<sup>1</sup>, A.Toksambaeva<sup>1</sup>, K.Mukanova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>«Shakarim University Semey city Semey» NCJSC, Semey, 070000, Republic of Kazakhstan

*This article examines the concepts of “Nature” in the works of the outstanding Kazakh poet Nesipbek Aituly. The living verbal images in the poet's poems are comprehensively examined, and the poet's skillful table of language is analyzed. Examples of lexical-semantic groups of concepts “Nature” in the author's poems are given and analyzed from the perspective of Kazakh knowledge.*

*Along with the means of artistic representation in the author's poetic texts, the article examines poetic creativity as a special example of creativity. The representation of the concepts of "Nature" in a certain context, their aesthetic character, poetic creative completion in the work of Nesipbek Aituly is given on the basis of interaction between the author and the reader. The article analyzes comparisons, epithets, metaphors based on figurative and expressive means of language in the poetic texts of Nesipbek Aitula. The article also briefly describes the structure of the concept "Nature" and its role in creating the image of the human world. The concepts of "nature" in the poetic text under consideration include seasons, colors of nature, sounds of nature, sun, sky, birds, wind, rain, snow, etc. includes units. The article talks about the whole picture of the world with the beauty of nature along with the real world.*

*Key words: concept, conceptual analysis, comparison, metaphor, poetics, conceptual image of the world, linguocultural concepts.*

## REFERENCES

- 1 Stepanov İu.S. Konstanty. Slovä ruskoi kültury. Opyt issledovania. [Constants. Dictionary of Russian culture. Research experience] (Moscow, 1997).
- 2 Lihachev D.S. Konsepto sfera ruskogo iazyka [Conceptosphere of the Russian language] (Moscow, 1993).
- 3 Kratki slovä r kognitivnyh terminov [A brief dictionary of cognitive terms] (Moscow, 1997)
- 4 Amirbekova A.B. Osobenosti verbalizatsii konseptuälnyh struktur v poeticheskom tekste (po poezii M. Makataeva) [Peculiarities of verbalization of conceptual structures in a poetic text (based on the poetry of M. Makataev)] (Almaty, 2006).
- 5 Karasik V.İ., Slyşkin G.G. Lingvoküturnyi konsept kak edinisa issledovania // Metodologicheskie problemy kognitivnoi lingvistiki [Linguocultural concept as a unit of research // Methodological problems of cognitive linguistics] (Voronezh, 2001).
- 6 Ahmetjanova Z. Oчерki po nasyonälnoi konseptologii. [Essays on national conceptology] (Almaty, 2012).
- 7 Däl V.İ. Tolkovyı slovä r jivogo velikorussskogo iazyka [Explanatory dictionary of the living Great Russian language ] (Moscow, 1998).
- 8 Kartiny ruskogo mira: prostranstvennyye modeli v iazyke i tekste [Pictures of the Russian world: spatial models in language and text] (Tomsk, 2007).
- 9 Dmitrieva İu.L. Verbalizatsia obraza sada kak odnogo iz klüchevyh obrazov sakrälno go prostranstva (na materiale proizvedeni S. Esenina) [Verbalization of the image of the garden as one of the key images of sacred space (based on the works of S. Yesenin)] (Tomsk, 2023).
- 10 Bakumenko O.N. Svetooboznachenia v dvuiazychnom mirovidenii V. Nabokova (na materiale originälno go i avtoperevodno go tekstov romana Lolita) [Color designations in V. Nabokov's bilingual worldview (based on the original and self-translated texts of the novel Lolita)] (Saint Petersburg , 2023).
- 11 Boldyrev N.N. Problemy issledovania iazykovogo znania // Konseptuälnyi analiz iazyka. Sovremennyye napravlenia issledovania: sbornik nauchnyh trudov [Conceptual analysis of language. Modern directions of research: collection of scientific papers] (Moscow, 2007).
- 12 Turner James Milton, Lucretius, and the "Womb of Nature"// Milton Studies. – 2024. – №1(66). – P. 1-41. DOI10.5325/milton studies.66.1.0001
- 13 Boldyrev N.N. Kognitivnaia semantika: kurs leksi po angliskoi filologii [Cognitive semantics: course of lectures on English philology] (Tambov. 2000).
- 14 Aitüly N. Şyğarmalary. Jeti tomdyq. Öleñder, tolğaular, poemalar [Works. Seven volumes. Poems, thoughts, poems] (Astana, 2014).
- 15 Aitüly N. Şyğarmalary. Birinşı tom. Öleñder men poemalar [Works. First volume. Poems and poems] (Astana, 2011).

Received: 05.06.2024